

АЛАШ

Жоғарыда біз Кіші жүз руларының тағы біреуі алаш руының, дұрысырақ айтқанда, оның бір бөлігінің, егер таңбаларының ұқсастығы жағынан алсақ, наймандардан (бағаналылардан) шығатынын айтқан да болатынбыз. Демек, шекті руы сияқты оның да тегі біршама жақын уақытта жатыр. Ол туралы алғашқы хабарлардың XVIII ғасырдың орта кезінен ғана кездесетіні кездейсоқ емес. Бұл рудың наймаң құрамында тағы да таңбаларының бірнеше түрлерінің болуы дәлелдейді.

Мәселен, «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдарда» таңбалардың мынадай үш түрі: (♀, ⋈, V) келтіріледі. Архив деректерінде болса, мынадай F, Ч, Ч, V төрт таңба туралы айтылады. М. Тынышбаев та шамамен алғанда нақ осындай белгілерді келтіреді. «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдардағы» бірінші таңбаның дулат немесе албан таңбасы екені анық. Мұны алаш руында қоңырбөрік бөлімшесі, ал албан тайпасында қоңырбөрік руы бар екені дәлелдейді. Басқа екеуі сызықша қосылған әдеттегі найман таңбалары. Архив материалдарынан алынған алғашқы таңба алаш руының Гродеков келтірген таңбасына ұқсайды, екіншісі мен үшіншісі бағаналылардыкі (бақан) және соңғысы жалпы найман таңбасы. Сонымен, алаш руы таңбаларының осы барлық әр алуан түрлері оның негізгі бөлігінің өз тегін наймандардан бастайтынын ғана дәлелдейді.